| | жапырақтың не қажеті бар? (Сол арқылы дем алады). Ал біз қалай тыныстаймыз? Балаларға түсіндіреді: ағаш өседі, тыныстайды, қоректенеді. Яғни ағаш – тірі нысан деген сөз. Әр ағаштың өзінің аты болады. Ағаш – бұл өсімдік. Бұталар туралы түсінік береді – бірнеше сабағы, бұтақтары, тамыры, жапырақтары болады. Ағаштар мен бұталарды күту қажеттігін түсіндіреді. Ағаштар мен бұталар ауаны тазартады. Бұталардың да аттары бар.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Бұл тұқымдар қай ағаштан түсті?» ойыны картотека №62**<br>**Мақсаты:** байқампыздыққа тәрбиелеу<br>Шарты: Қақпағы бұрап ашылатын пластик құтыларға жөк, шаған мен үйеңкінің тұқымдарын саламыз (әрқайсысын бөлек-бөлек | **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Самал жел өпті бетімді *(беттерін қолымен желпиді),*<br>Қозғалады ағаштар *(оңға, солға теңселеді).*<br>Жел баяулады *(отырады, қолдарын жоғары-төмен сермейді),*<br>Ағаштар біп-биік болып өседі *(жоғары қарай созылады).*<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Не қажет**Міндеті: зейінді дамыту, шығармашылық сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Шарты: Балалар суретте жетпей тұрған бөліктерді анықтайды. Атап айтады.(Күннің шуағы жоқ, жапырақсыз гүл, сусыз жылғадан су ішкелі тұрған лақ)<br><br>**Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»**<br>**Міндеті:** балаларды көкөністердің берілген силуэттерін табуға үйрету; визуалды қабылдауды, зейінді, | *айналдырып, үлкен шеңбер сызады; отырады).*<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Тәжірибе:**<br>Талқылайды. Анықтайды: су кранда, аквариумда, су құятын ыдыста, шәйнекте бар. Балаларды суды зерттеуге қатысуға шақырады.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын «Жер, су, ауа, от»**<br>**Міндеті:** Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты: Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. | көкшымшық, суықторғайларды көруге болады. Оларға қыста жем табу қиынға түседы. Сондықтан адамдар жемсауыт жасап, оларды қоректендіреді.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Тыныс алуға арналған «Боран» ойыны**<br>**Міндеті:** Тыныс алу дағдысын қалыптастыру.<br>**Шарты:** Пластикалық мөлдір, терең қораптарға ұсақ қағаздар салады. Сонан сон қорапшаға түтікшені салып, оны үрлейді.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Түскі ас дайындайық»**<br>**Міндеті:** көкөністердің атын атауды, бөлшектерге бөлуді сұрайды. Келесі дағдыларды | жатып ұйықтауға бел буды. Аю шұңқыр тауып алып, оған құрғақ жапырақтар мен талдарды толтырды. Шұңқыры нағыз апан болып шыға келді. Содан соң ұзақ ұйқыға кетті!<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Ақ қоян» ойыны. (Музыкалық әуенмен орындалады):**<br>Қоян отырса – суық,<br>Аяғын жылытайық.<br>Топ-топ, топ-топ,<br>Аяғын жылытайық.<br>Қоян қыста ақ, ал, жазда ... (сұр).<br>Қоянның құйрығы қысқа, ал құлақтары ...(ұзын).<br>Тиіннің артқы аяқтары ұзын, ал, алдыңғы аяқтары ... (қысқа).<br>Кірпі кішкентай, ал аю ... (үлкен).<br>Қоянның жүні үлпілдек, ал кірпінің тікендері ... (өткір).<br>Тиіннің құйрығы ұзын, ал қоянның құйрығы ... (қысқа).<br>Түлкінің жүні жұмсақ, ал қасқырдың жүні... |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | салу керек). Құтылардың қақпағында жөке, шаған мен үйеңкінің жапырақтары бейнеленген. Балалар жапырақтарына қарап атайды.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Көкөністер»**<br>**Міндеті:** балаларды көкөністердің алуан түрлілігімен таныстыру; бүкіл суреттегі бөліктерді таңдауға үйрету; тұтас қабылдауды, зейінді, ойлауды, сөйлеуді дамыту. Келесі дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау<br>**Материал:** 2 бөліктен тұратын көкөністер бейнеленген бөлінген суреттер-12 дана.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалардың алдында үстелде көкөністер бейнеленген суреттер бар. Тәрбиеші балаларға көкөніс жасау үшін суретті 2 бөліктен бүктеуді ұсынады. Содан кейін балалар бейнеленген | логикалық ойлауды дамыту; визуалды қабаттасу әдістерін дамыту.<br>**Материал:** көкөністер бейнеленген 13 карта, көкөністердің силуэттері бейнеленген 13 карта.<br>**Ойын барысы:**<br>Барлық карталар үстелге қойылады. Балаларға көкөністің көлеңкесін тауып, түрлі-түсті суреттерді қара түске қою ұсынылады (немесе керісінше).<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**«Бұлтты аспан» топтық жұмыс**<br>көп түсті құрылым құрастыру;<br>Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.<br>Қоршаған әлемнің, эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сурет салу)** | Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Не жетіспейді?»**<br>**Міндеті:** есте сақтау қабілетін дамыту, келесі дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау. Кеңістікте бағдарлау.<br>**Шарты:** тәрбиеші үстелге әртүрлі ыдыс-аяқтарды қояды. Балалар заттарды есте сақтауға тырысады, содан кейін көздерін жұмып, бұрылады. Тәрбиеші бір затты жасырады. Балалар көздерін ашып, үстелден не жоғалып кеткенін еске түсіруге тырысады.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**«Құмырадағы су»** | қалыптастыру: ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру<br>**Шарты:** Ойын үшін сорпаға арналған көкөністерді бейнелейтін суреттер жасау керек. Тәрбиеші балалардан түскі асқа көкөністерді кесуді сұрайды-суреттерді кесу. Ойыншылар өнімдердің қанша бөлікке кесілгенін есептейді, олар санын атайды.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**«Қар ұшқыны»**<br>**Міндеті:** Қоршаған әлемнің эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Динамикалық үзіліс**<br>Музыка әуені мен «Қар ұшқыны» биін билейді<br>**(Музыка)** | (қатты).<br>Түлкінің мұрны иіс сезгіш болып келеді. Ол қардың үстінде жүріп-ақ кірпілер мен тышқандардың індерінің қайда екенін сезеді. Соларды аулап жейді. Қояндардың да зәресін алып, қорқытып қояды.<br>***(Музыка)***<br><br>**«Сөздер тізбегі» ойыны**<br>**Міндеті:** Келесі дағдыларды қалыптастыру: ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру<br>Геометриялық пішіндер: Келесі дағдыларды қалыптастыру: геометриялық пішіндерді тану және атау<br>Ойын барысы:<br>Балалар шеңберге отырғызылады. Бірінші бала кез-келген бір заттың атын атайды. Мысалы: «ірімшік». Екіншісі алдыңғы айтылған сөзді атайды да, өзі бір сөз қосып айтады. Осылайша жалғаса береді. Әрбір келесі ойыншы алдында айтылған барлық сөзді ретімен атап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көкөністі атайды. **(Математика негіздері)**<br><br>**«Балабақша ауласындағы ағаштар»**<br>**Топтық жұмыс**<br>**Міндеті:** эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сурет салу)** | | **Міндеті:** көп түсті құрылым құрастыру; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.<br>сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>**(сурет салу)** | | шығады да, өзінің сөзін қосып отырады. Кім шатасады, сол ойыншы ойыннан шығады. Ал ең соңында қалған оқушы жеңімпаз атанады.<br>**(математка негіздері)**<br><br>**«Қысқы орман»**<br>көп түсті құрылым құрастыру;<br>Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.<br>жазықтықта түзету және біріктіру білігін жетілдіру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру: желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу<br>**(сурет салу)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет)<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны**<br>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау**<br>**Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. | **Бақылау: Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. | **Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылауға үйрету.** | **Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»**<br>**Мақсаты:**<br>Адамдардың саябаққа не себепті келетіні | **Бақылау: «Тұманды бақылау»**<br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстарын атату.Соның ішінде бүгінгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Мақсаты:** тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:** Тақпақ оқу<br>«Желді күн» (Ж. Смақов)<br>Гу-гу,гу-гу шықты<br>Желдетті де бұлт қуды<br>Жел соққан соң<br>Жел тіпті<br>Жын соққандай жұлқынды<br>**(көркем сөз)**<br><br>**Қимылды ойын** «Күн мен түн»<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері.<br>**Еркін ойын** | Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық.<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Аңшылар»<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері. | **Мақсаты:** Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек:** Гербарий жасауға жапырақтар жинау.<br>Мақсаты: балаларға гербарий жасауды үйрету.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем әдебиет**: «Күзгі жапырақтар»<br>(Қ. Шарғытбаев)<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>Картотека № 9 «Қоян»<br>**(дене шынықтыру)**<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | жайында айту. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылату,әңгімелеуге үйрету.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек:** саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Әр ағаштың жапырағын ажыратуға үйрету.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Балалармен жеке жұмыс**: Күз туралы білетін тақпақтарын айтқызу.<br>**Қимылды ойын**.<br>Картотека №10<br>«Пойыз»<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттер. | ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту.<br>**Мақсаты:** жапырақтан әр түрлі бейнелер құрастыра білуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Балалармен жеке жұмыс**: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. (Сөйлеуді дамыту)<br><br>**Қимылды ойын**.<br>Картотека №11<br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретумен ағытамыз.<br>- Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. | | | | |

| | |
|---|---|
| | - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).*** |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Кір қуамын, кір қуамын,<br>Бар ма салақ құрбыларың?<br>Үсті-басы, реңінен,<br>Кір екенін білемін мен.<br>Саусағынан, білегінен,<br>Кір екенін білемін мен.<br>Кір қуамын, кір..»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**Ойын-жаттығуы**<br>Ас ішерде күнде біз,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**«Шалқан»** ертегісін оқып беру. **((сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Бойымызды жазайық,<br>Қолымызды созайық.<br>Жаттығулар жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық.<br>**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру**.**<br>Жастықтан біз тұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяғымызды жазамыз,<br>Үлкен болып өсеміз. **(дене шынықтыру**).**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сюжетті-рөлді ойын: «Емхана»**<br>**Міндеті:** балаларда дәрігер мамандығына деген қызығушылық қалыптастыру. Сюжеттік ойындарды дамыта білу дағдыларын қалыптастыру. Медициналық құралдардың атауын бекіту: фонендоскоп, шприц, шпатель, мақта, дәке. Ауру адамдарға қамқорлықпен, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Әлем балалар көзімен»** | **"Дөңгелектер"**<br>Міндеті: Көлік түрлерінің түсіп қалған дөңгелектерін орнына жапсыру. ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>**(жапсыру)** | **"Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Міндеті. Балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.<br>"Жүргізушінің" рөліне өзі қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына | **Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем»**<br>**Міндеті:** «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету,адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу.<br>Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Сюжетті-рөлді ойын: «Дәріхана»**<br>**Міндеті**: Балаларда фармацевт мамандығына деген қызығушылық туғызу.<br>**Ойын барысы:** Жүргізуші дәріханаға дәрі-дәрмектер алып келеді. Дәріхана қызметкерлері оны сөрелерге қояды. Адамдар дәрі-дәрмектер алу үшін дәріханаға келеді. Шарты:Балаларға дәрі дәрмекпен дәрумендер көмегін қажет екенін түсіндіріп,қоғамда болып жатқан күнделікті жағдайды жақсы жағынан түсіндіру.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеті:** саусақтардың ұсақ моторикасын, кеңістіктік қиялды, көзді, дерексіз ойлауды дамыту, ауызша нұсқауларды орындау қабілетін дамыту, жұмысқа шығармашылық қызығушылықты, логикалық ойлауды дамыту.<br>**Барысы:** Енді біз сіздермен жұмыс істейміз және балалар күніне жарқын мерекелік шарларымызды, содан кейін гүлдер мен көгершіндерді желіммен жабыстырамыз.<br>**(Жапсыру)** | | "билет" алады.<br>Педагог автобуста жүру ережелерімен алдын ала таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.<br>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Әр түрлі доптар"**<br>Міндеті: доптар түрлерін жапсыру. ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>**(жапсыру)** | **"Себет"**<br>Міндеті: себет не үшін қажеттігін түсіндіру, ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>**(жапсыру)** | **"Күзгі егістік"**<br>**Топтық жұмыс**<br>Міндеті: ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу<br>**(жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Алиге Саусақ жаттығуы". "Пойыз келе жатыр".**<br>Пойыз келе жатыр:<br>Тоқ-тақ-тоқ!<br>Тоқ-тақ-тоқ! (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандыққа ұқсатып соққылау). Жылдам келе жатыр:<br>Тоқ-тоқ-тоқ, тоқ-тоқ!<br>(саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықта ойнағандай соққылау).<br>Барлық бала күтіп қалды:<br>Алақан, алақан<br>(алақандарды жайып, өзара уқалау)<br>Қуанышпен қарсы алады.<br>-Алақай! Алақай! (қол шапалақтау) **(сөйлеуді дамыту)** | **Санамақтар айтқызу. Раянаға**<br>"Нешеуміз?"<br>Бір үйде нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балаң үйрек - анам,<br>Ортан терек - ағам,<br>Шылдыр шүмек - мен,<br>Кішкене бөбек - сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Көлік" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Иманғалиге**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сюжетті-суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | **"Машина" тақпағын жаттау.**<br>Сұлтанға амирге<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Бала тілін дамыту.<br>Оразақын Асқар<br>"Машина".<br>Машина істе - серігің,<br>Жолға шықсаң - көлігің.<br>Айта қойшы, сен, інім,<br>Шығаратын оны кім?<br>Тас қорытып домнада<br>Металл құйса құрышшы,<br>Машинаны заводта<br>Жасар іскер жұмысшы.<br>**(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)** | **"Бағдаршам" тақпағын жаттау. Әміреге**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Бала тілін дамыту.<br>Зайда Елғондинова<br>"Бағдаршам".<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса қызыл шырағы:<br>"Тоқта, жолдас!" - дегені.<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса сары шырағы:<br>"Ал, дайындал!"- дегені.<br>Көшеде ол тұрады,<br>Көрмей қалма сен оны.<br>Жанса жасыл шырағы:<br>"Ал, өте бер!"- дегені.<br>**(сөйлеуді дамыту көркем әдебиет,)** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау**<br>**«Дұрыс киінеміз» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту)*** | | | | |
| **Серуен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Аз қимылды ойын «Кім баяу?»** | Күннің екінші жартысындағы бұлтты бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Аз қимылды ойын «Түсті автокөліктер»**<br>**Мақсаты**: Балалардың | Күннің екінші жартысындағы жерге түскен қар ұлпаларын бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Аз қимылды ойын «Ақ қоян»** | Күннің екінші жартысындағы қыстық құстарды бақылау *(қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Аз қимылды ойын «Қасқырлар мен лақтар»** | Қарға түскен іздерді бақылау. *(қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Аз қимылды ойын «Жапалақтар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. ***(дене шынықтыру**)*** | денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жол ережесін білуге және сақтауға тәрбиелеу. ***(дене шынықтыру**)*** | **Мақсаты:** балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру ***(дене шынықтыру**)*** | **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. ***(дене шынықтыру**)*** | құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Күн мен түн мерзімдерін ажырата алуға тәрбиелеу. ***(дене шынықтыру**)*** |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС "Аль-Фараби" балабақшасы
**Топ**: «Жұлдыздар» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 28.11- 02.12.2023 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 27.11.2023** | **Сейсенбі 28.11.2023** | **Сәрсенбі 29.11.2023** | **Бейсенбі 30.11.2023** | **Жұма 01.12.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет). Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Кеңес: «Баланы өздігінен киінуге қалай үйрету керек» | | | | |
| | **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Гараж" құрастыру.** Міндеті. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады. **(құрастыру)** | **"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру.** Міндеті. Педагог бала санына қарай әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады. **(құрастыру)** | **"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны.** Міндеті. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады. | **"Үй құрастырамыз".** Міндеті. Балаларды құрылыс мамандықтарымен таныстыру, құрылысшылардың жұмысын жеңілдететін технологияның рөліне назар аудару, балаларды қарапайым құрылымды ғимарат салуға үйрету, ұжымда достық қарым-қатынасты дамыту, | **Құрылыс материалдарын контейнерлерге жинап салу.** Міндеті. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **(құрастыру)** | құрылысшылардың ерекшеліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, балалардың сөздік қорын кеңейту. **(құрастыру)** | **(құрастыру)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады)**<br>**Міндеті:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. «Текшені текшеге соқ».<br>Б.қ.: аяқты алшақ қойып, текшені арт жақта ұстап тұру. Текшелерді екі жақпен алдыға созып ұстау, бір-біріне соғу, б.қ.-қа оралу: «төмен», – деу. (5 рет қайталау).<br>2. «Текшені тізеге соғу».<br>3. Б.қ.: аяқты алшақ қойып, текше ұстаған қолды белге қою. Алдыға иіліп, текшені тізеге қою, дем шығару – б.қ.Осылайша аяқты алшақ қойып отырып орындау. Аяқтарын бүкпей орындауға үйрету (5 рет қайталау).<br>4. «Текшелерді қағып кетпе».<br>Б.қ.: қолдыбелге қойып отыру, текшелер өкшеге жақын жатады. Иілу, аяқты түзу ұстау. Басты төмен түсірмеу. (6 рет қайталау).<br>5. «Бұрылу».<br>6. Б.қ.: өкшемен отыру, текшелерді иыққа қою. Оңға бұрылу, текшелерді еденге тигізу. Осылайшасолға орындау (4 рет қайталау).<br>7. «Тоқылдатайық».<br>Б.қ.: аяқты алшақ қойып, текшелерді ұстап, қолды төмен түсіру. Текшелерді бір-біріне соғып, серпілу, 10-12 рет секіру және бір орында тұрып жүру (3 рет қайталау). ***(дене шынықтыру**)*** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Ойын жаттығуы<br>Ас болсын тамағың,<br>Өсіп ер жет қалмағың.<br>Орындалсың арманың,<br>Бойға сіңсін жеген тамағың. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Ойын жаттығуы<br>Ас ішуге тұрайық<br>Қолымызды жуайық<br>Сабын суды аямай<br>Тазалықты ұғайық.<br>**(көркем әдебиет,** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Дос бол сабын,<br>сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | Жуын күндіз-кешке де.<br>**(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Саусақ ойыны «Ешкі»**<br>Күнде тәртіп бұзылты,<br>Балаларды сүзіпті.<br>Жемістерді үзіпті,<br>Мүйізіне тізіпті.<br>Міне, осындай алыпты.<br>Атам көріп қалыпты.<br>Мазаны ала бердің деп-,<br>Мүйізін қағып алыпты.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Шаттық шеңбер.<br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Шаттық шеңбер.<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағын аяласын.<br>«Достық» деген сөзді<br>Барлық бала саяласын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Таңертеңгілік шеңбер<br>"Сәлем саған, алтын күн!»<br>- балаларды көңіл-күйлерімен бөлісу, тыңдай білуге үйрету, әңгімелесу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Саусақ ойыны «Ақ тауық»**<br>Ақ тауық-ау, ақ тауық,<br>Ақ тауық неден қақсауық<br>Ертеменен қыт-қыттайды,<br>Ауламыздан шықпайды.<br>Шеп-шеп десем келмейді, Берген жемді жемейді.<br>Ауруы қандай қауіпті, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Деп аяймын тауықты.<br>Деп жүрсем тауығым,<br>Ақ жұмыртқа тауыпты.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Лақтыру, тастау, қағып алу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыра лақтыру, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру, допты қағып алу машықтарын қалыптастыру. Көлденең нысанаға, алысқа, тура нысанға лақтыру; | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Балаларға өз аты-жөндерін айтқызып үйрету. Қазақша дыбыстық жаттығуларды қайталату. қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.<br>**Сөздік минимум**<br>Менің атым....<br>Менің әкемнің аты....<br>Менің анамның аты....<br>**Түрлі-түсті суреттер.**<br>**Саусақ ойыны:**<br>**«Қуырмаш»** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** ұсақ қимыл-қозғалысын жетілдіру, өз іс-әрекетін басқа балалардың әрекетімен сәйкестендіре білу. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; | **Музыка**<br>**(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Еңбектеу, өрмелеу. Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен, 40 см биіктіктегі доғамен, арқанмен, еңіс тақта бойымен, бөрене арқылы орындық аяқтары арасымен еңбектеу дағдыларын қалыптастыру; |
| | **«Марғау қыс мезгіліне қалай таңғалды?»**<br>(Әңгіме құрау).<br>**Міндеті:** балалардың қыс туралы түсінігін кеңейту, қысқы табиғаттағы әсемдікті көре білуге, сезінуге үйрету.қысқы табиғат көріністері жайында әңгімелесу. | **«Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз»**<br>(дидактикалық ойын).<br>**Міндеті:** дидактикалық ойындарды ойната отырып, балалардың сөздік<br>қорын байыту,киім түрлерін ажырату, атай | **«Алтын балық» ертегісі**<br>**Міндеті:** табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын жетілдіру.<br>Аквариумда тіршілік ететін алтын балық туралы түсіндіру. | **Табиғат бұрышындағы құстарды бақылау**.<br>**Міндеті:** балаларды жанды табиғат өкілдерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Табиғат бұрышындағы құстың | **«Шана тебеміз»**<br>**(әңгіме құрау)**<br>**Міндеті:**<br>ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау<br>және түсіне білуге, қажетті сөздер мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға жұмбақ шешкізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорларын молайту.<br><br>**Жұмбақ**<br>Еріксе, құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды.<br>(Мысық)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.**<br>Міндеті. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Мұздатамын» дидактикалық ойыны**<br>**Міндеті:** балаллардың ойлау қабілетін дамыту. | білуге, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтуға үйрету. киім түрлерін ажырату, атай білу;<br>Педагог балаларға қуыршақ Маратты серуенге киіндіруді ұсынады.<br>Маратты серуенге шығару үшін қалай киіндіреміз?<br>– Жейде, шалбар, жемпір, малақай, тон, етік.<br>«Т» дыбысының дұрыс, анық айтылуына мән беру.<br>Тон – иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырт киім.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Санайық жаңаша,<br>Бір, екі, үш!<br>Желбіре, жалауша,<br>Достықта біздің күш!<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**«Қыстық киімдерді ата» дидактикалық ойыны**<br>**Міндеті:** Балаларды геометриялық пішіндерді | Балықты қалай қоректендіру керектігін түсіндіру және көрсету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жанды табиғат мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу<br><br>**Жұмбақ**<br>– Сусыз өмір сүре алмайды,<br>Аяғы жоқ, жүре алмайды. (Балық )<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Дидактикалық ойын «Айтшы қандай?»**<br>**Міндеті:** Балаларды заттын белгілерін анықтауға үйрету<br>Шарты: Тәрбиеші (немесе бала) қоропшаның ішінен, заттарды алып шығады, балалар заттын атауы мен белгісін айтады.<br>Мысалы: Мынау-әтеш. Әтеш дауыстап ән айтады, құйрығы, мен айдары әдемі.<br>Балық - жүзеді<br><br>**«Аквариум» топтық жұмыс** | ерекшіліктерімен таныстыру;.Сөздік қорларын «құстың жүні, мамығы», «қанат» деген сөздермен толықтыру.<br>***Әңгіме өткізу.***<br>Балалардан тотықұс туралы білетіндерін сұрайды. Балалардың жауаптарын тыңдап болған соң, тотықұс туралы ақпарат береді.<br>Тотықұс – құйрығы қысқа, түрлі түсті құс. Ол Африка, Америка және Аустралияда тіршілік етеді. Адамдар оны қолға үйретіп, торда ұстайды. Сөйлейтін тотықұстар да бар.<br>Олар сенің айтқаныңды қайталайды. Тотықұстың қанаттарын, тұмсығын, аяқтарын көрсетіп, олардың атқаратын қызметімен таныстырады. Мысалы, қанаттары ұшу үшін, тұмсығы қорегін шоқып жеу үшін, аяқтары жүру және бұтаққа қонып отыру үшін керек.<br>– Кәне, тотықұсқа жем | сөз тіркестерін қолдануға сөздерге қызығушылығын арттыру, зейінін жетілдіру, балалардың сөздік қорына антонимдер – мағынасы қарама-қарсы сөздерді енгізуге үйрету, шағын тақпақтарды жаттату.<br>**Қ. Мырза Әлидің «Шана» өлеңі**<br>Қыр басына шарқ ұрып,<br>Бір орнында тұрмаймыз.<br>Шана сүйреп барамыз,<br>Қырдан төмен ағамыз.<br>Қалдық тіпті алқынып,<br>Ұшқан құстай зулаймыз,<br>Қандай ауыр шанамыз?!<br>Қандай жеңіл шанамыз?!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балалар педагогтің нұсқауымен дене мүшелерін (аяқ, қол, бет, мұрын) суықтан сақтау. Ептілік, шапшаңдыққа баулу. (Педагог қолындағы таяқшасын балалардың аяғына жақындатып, аяқтарыңды мұздатамын десе, балалар тез арада аяқтарын жасыра қояды) ойын осылай жалғастырылады.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Марғауға арналған үйшік» топтық жұмыс**<br>**Міндеті:** Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу.<br>**(сурет салу)**<br>**Мияубике-Бағираш. Мысық туралы ән.**<br>https://youtu.be/RRkB2U-WHf8<br>**(Музыка)** | тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.<br>заттарды ажырата білуге үйрету, сөздік қорын дамыту.<br>**Шарты:** қыстық киімдерді ретімен атау. (Тон, жемпір, малақай, етік, қолғап)<br>Жеке жұмысты қажет ететін балалардан «Т» дыбысын дұрыс айтуды қайталату. *Тон – шуба, малақай – ушанка* сөздерін қайталайды. «Т» дыбысын бірнеше рет қайталап айтады. Саусақтарын біріктіріп, үшке дейін санайды. Қыстық киімдерді ретімен атайды.<br>**(қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Қолғап» жеке жұмыс**<br>көп түсті құрылым құрастыру;<br>Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.<br>Заттық мүсіндеу: | **Міндеті:** Қоршаған әлемнің әсемдігіне, эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>**(сурет салу)**<br><br>**"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.**<br>Міндеті. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру.<br>**(математика негіздері)** | беріп, ол жемді қалай шоқып жейтінін көрейік.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Айтамын бір жұмбақты<br>сізге нұсқап,<br>Басына бөрік киер,<br>құндыз ұстап.<br>(Тотықұс)<br>**(Көркем әдебиет)**<br>**Сергіту жаттығуы**<br>Кәне, қанат жазайық,<br>Тоты болып ұшайық.<br>Ұшып-ұшып алайық,<br>Қайта келіп қонайық.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Үлкен-кіші»**<br>**Міндеті:** Үлкен- кіші ұғымдарды білуге үйрету. Көлемдері әр түрлі кірпілердің (үлкен,кіші), көлемдеріне сәйкес алмаларын, саңырауқұлақтарын тауып орналастыруды үйрету.<br>Көрнекі құралдар: Көлемдері әр түрлі кірпілер (үлкен, кіші), алма, саңырауқұлықтар.<br>**(математика негіздері)** | **Сергіту сәті:**<br>Боран соқты оң жақтан,<br>Боран соқты сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Балаларды киіндір»**<br>**Міндеті:** Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету.<br>Көрнекі құралдар: Әртүрлі киімдердің суреттері.<br>**Шарты:** үлестірмелі материалдарды пайдаланып, балаларға қыстық киімдерді атап, суреттегі ұл және қыз баланың киімдерін тапқызу, оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, **(сурет салу, жапсыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті мысықтар»**<br>**Міндеті:** балаларда түсті қабылдауды дамыту. Көрнекі зейін мен есте сақтаудың дамуына ықпал ету.<br>**Шарты:** балалар суреттерге қарап пішіндерді мысықтардың түсіне қарап орналастырады.<br>Түрлі түсті мысықтар,<br>Төбеге құлайды.<br>Түрлі түсті мысықтар:<br>Қара, ақ, сұр, қызыл,<br><br>Көк және жолақты,<br>Тіпті кішкентай мысықтар. | | **«Құстарға арналған тор»** көп түсті құрылым құрастыру; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу. **(сурет салу, жапсыру)** | сызықпен қосу арқылы киіндіру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Менің түрлі түсті шанам»**<br>**Міндеті:** көп түсті құрылым құрастыру; Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға біріктіру білігін жетілдіру. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, **(сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Аналар бояғысы келмейді,<br>Барлығы бірдей!<br>Егер балалар болса, қандай қуаныш,<br>Барлығы болады-бір түсті ме?<br><br>**<br>Түрлі түсті мысықтар,<br>Бізбен бірге жасырынып ойнадық.<br>Олар біргеептілікпен секіреді,<br>Жолақты, қызыл, қара.<br><br>Қызыл-анама,<br>Қара-Әкеге,<br>Ал кімде жолақ?<br>Әрине, мысық апайға<br>Ия, және әжеге аздап.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**«Кір бала» әні**<br>https://youtu.be/aaQ-XFpvF8Y<br>**(Музыка)** | | | **"Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.**<br>**Міндеті:**<br>Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау. Кеңістікте бағдарлау.<br>Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>**(Математика негіздері)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету.<br>(көркем әдебиет)<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту) | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Күз мезгілінде желді бақылау**<br>**Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Мақсаты:** тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:** Тақпақ оқу<br>«Желді күн» (Ж. Смақов)<br>Гу-гу,гу-гу шықты<br>Желдетті де бұлт қуды<br>Жел соққан соң<br>Жел тіпті<br>Жын соққандай жұлқынды<br>**(көркем сөз)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>Картотека № 7 «Күн мен түн»<br>**(дене шынықтыру**)**<br>Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері. | **Бақылау: Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық.<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын**<br>Картотека№ 8 «Аңшылар»<br>**(дене шынықтыру**)** | **Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылауға үйрету.**<br>**Мақсаты:** Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек:** Гербарий жасауға жапырақтар жинау.<br>Мақсаты: балаларға гербарий жасауды үйрету.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>Жеке жұмыс<br>**Көркем әдебиет**: «Күзгі жапырақтар»<br>(Қ. Шарғытбаев)<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>Картотека № 9 «Қоян»<br>**(дене шынықтыру**)** | **Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен»**<br>**Мақсаты:** Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында айту. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақылату,әңгімелеуге үйрету.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек:** саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау.<br>**Мақсаты:** Әр ағаштың жапырағын ажыратуға үйрету.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Балалармен жеке жұмыс**: Күз туралы білетін тақпақтарын айтқызу.<br>**Қимылды ойын**.<br>Картотека №10 «Пойыз»<br>**(дене шынықтыру**)**<br><br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттер. | **Бақылау: «Тұманды бақылау»**<br>**Мақсаты:** Табиғат құбылыстарын атату.Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту.<br>**Мақсаты:** жапырақтан әр түрлі бейнелер құрастыра білуге тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br><br>**Балалармен жеке жұмыс**: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.<br>**Қимылды ойын**.<br>Картотека №11 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын** | Балалардың өз еріктерімен жасайтын іс-әрекеттері. | Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | | «Торғайлар мен автомобиль» **(дене шынықтыру**)**<br><br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретумен ағытамыз.<br>- Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз.<br>- Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).*** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:** Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Кір қуамын, кір қуамын,<br>Бар ма салақ құрбыларың?<br>Үсті-басы, реңінен,<br>Кір екенін білемін мен.<br>Саусағынан, білегінен,<br>Кір екенін білемін мен.<br>Кір қуамын, кір..»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**Ойын-жаттығуы**<br>Ас ішерде күнде біз,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Бауырсақ»** ертегісін оқып беру.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқы ашар жаттығу<br>1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.<br>2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>4.Керуеттегі жаттығулар<br>Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық,<br>Ұйқымызды ашайық.<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық,<br>5.Көзді ашып жұму. Оңға. солға.<br>Төмен жоғары карау. Алақандарыңызбен көзді жабу, алысқа қарау.<br>Массаждық жолдармен жүру. су процедуралары.<br>*(дене шынықтыру**)* | | | | |
| **Бесін ас** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).**<br>Жастықтан біз тұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяғымызды жазамыз,<br>Үлкен болып өсеміз. **(*(дене шынықтыру**)***<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| | | | туралы білімдерін толықтыру.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркемсөз А. Меңдібай**<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр!<br>Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br><br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ,<br>♦ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>♦ Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)<br>♦ Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>♦ Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында) | **Көркем сөз:**<br>Қандай суық қыс деген?<br>Қалтырайды құс деген.<br>Құлақшынды кимесең<br>Құлағыңды тістеген.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Еңбек**: Ойын құралдарын қардан тазалау.<br>**Мақсаты:** еңбекқор болуға тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қасқыр мен лақтар»<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора » мен « өріс » сызылады**.**<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Жеке жұмыс**:<br>Жұмбақтар жасыру<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ жүреді.<br>Аузы жоқ ұлиды. (Бора)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Өзіндік іс-әрекет**:<br>Аққала жасау.<br>Қалаулары бойынша ойындар. | **Мақсаты:** Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу.<br><br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Көркем сөз:**<br>Үлкен болып өскенде<br>Машина алам мен де.<br>Бірақ ол үшін әрине,<br>Оқу керек күнде де.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қимылды ойын:**<br>«Көліктер»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады.<br>***(дене шынықтыру**)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ♦ Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұяң, мұңды)<br>♦ Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай)<br>♦ Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен)<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Зерттеу жұмысы<br>Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар?<br>**(Зерттеу қызметі)**<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын қардан тазалау.<br>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**(еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойын «Үшты-ұшты».**<br>**Мақсаты:** аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жаттығу ойындары<br>«Қапшықтағы жемді жеткіз».<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br>***(дене шынықтыру)***<br>**Жеке жұмыс**<br>Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретумен ағытамыз.<br>- Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз.<br>- Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. ***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).*** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)<br>(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**«Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз». (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Ертегі оқып беру. **«Не дәмді?»**<br>**Әлди**<br>**Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру.<br>Әлди, әлди, әлди-ай,<br>Балалар ұйықтап жатыр.<br>Төменгі төсекке,<br>Балалар тыныш ұйықтайды,<br>Мен ән саламын! **(сөйлеуді дамыту және көркем әрекет)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру**.**<br>Жастықтан біз тұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяғымызды жазамыз,<br>Үлкен болып өсеміз. **(дене шынықтыру**).**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Тазалықтың досы-<br>Су дегенің осы.<br>Сабындаған кезінде,<br>Ашытады көзіңді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | | **Сюжетті-рөлді ойын: «Емхана»**<br>**Мақсаты:** балаларда дәрігер мамандығына деген қызығушылық қалыптастыру.<br>Сюжеттік ойындарды дамыта білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Медициналық құралдардың атауын бекіту: фонендоскоп, шприц, шпатель, мақта, дәке. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Аурухана»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дәрігер, медбике, санитар мамандығы туралы түсінік беру. Ауырып тұрған адамға жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: халат, бас киім, рецеп жазып беруге қарындаш пен қағаз, | **Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем»**<br>**Мақсаты:** «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету,адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу.<br>Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету.<br>Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ауру адамдарға қамқорлықпен, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Керекті құрал жабдықтар**:дәрігердің бас киімі мен халаты, медициналық құралдар.<br>**Алдын ала жұмыс**: медкабинетке экскурсияға бару, дәрігер жұмысына бақылау жасау.<br>**Шарты**: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады үйге жедел жәрдем шақырады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға шақырады.<br>***(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** | фонендоскоп, тонометр, градусник. дәке, мақта, шприц, дәрілер, пинцет, қайшы.<br>**Ойындық рөлдер**: дәрігер, медбике, ауру адам.<br>«Укол саламыз»<br>**Шарты**: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек.Бір бала ауру адам болады,екі бала ата-анасы болады,медбике укол салады,анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап,өздерін ата-ана рөлінде сезініп,мейірімділікке баулу.<br>***(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** | жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.<br>**Керекті құралдар**: жедел жәрдем көлігі, қағаздар, халат, бас киім, дәрілер салынған чемодан.<br>**Шарты**: Бір бала жүргізуші,екі бала дәрігер рөлін ойнайды,балалар дәрігерлердің жұмысына құрметпен қарап біз олардың көмегіне мұқтаж екенімізді түсініп,жақсы көз қараста болу.<br>***(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Әмірege ыдыстардың атауын дұрыс айтып, әңгімелеуге үйрету.<br>**(*сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** | Сафияға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, екі жолды сызық сала білуге үйрету.<br>***(сурет салу*)** | Сұланға «Кім мяу деді?» ертегісін суретке қарап айтуға үйрету.<br>**(*сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)*** |
| **Серуенге дайынды** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау**<br>**«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанн қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет))*** | | | | |
| **Серуен** | | | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау.<br>**Қимылды ойын:** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау. | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | «Жасырынбақ»<br>**Мақсаты:** балалардысанамақ айтуға үйрету.<br>**Шарты:** Ойынға жиналған балалардың барлығы шеңбер құрып, ойын бастаушының айналасына тұра қалып, тақпақтап санамақ айта бастайды. Санамақтың бірнеше түрі бар.<br>Қандай жылы күн шуақ,<br>Балапандар жүр шулап<br>Қызығына қараймын<br>Бір, екі, үш...деп санаймын.<br>Шөжелерім шөп-шөп-шөп,<br>Жем шашайын көп-көп-көп,<br>Он екенсің бәрі-бәрің,<br>Отыз түйір дәнім бар<br>Әрқайсыңа қаншадан?<br>Теріп жеңдер соншадан.<br>Немесе, ойын бастаушы алақанын төмен қарата бір қолын жоғары көтереді, ал барлық балалар бір-бір саусағын соның астына тигізіп ұстап тұрады. Ойын бастаушының « бір, екі, үш»белгісімен балалар бір-бір саусақтарын тез тартып<br>алады. Саусағы ұсталған | **Қимылды ойын:** «Тым-тырақай»<br>**Мақсаты:** балалардысанамақ айтуға үйрету.<br>**Шарты:** Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен:<br>Ал, кәнеки балалар,<br>Бір, екі, үш-деп санаңдар<br>Бір, екі, үш—<br>Ал тараңдар-деп<br>Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.<br>***(дене шынықтыру**)*** | **Қимылды ойын:** «Тышқан аулау»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, командаға бөлініп ойнауға үйрету.<br>**Шарты:** Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші « қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып жоғарға көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай қою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді.<br>***(дене шынықтыру**)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бала көзін жұмып, басқалары тығылады. Көзін жұмған бала 40 не 50 -ге дейін санап, тығылған балаларды іздейді. Тапқан сайын өзі тұрған жерді алақанымен соғып отырады. Балалардың алдын-ала келісуімен, ең бірінші немесе ең соңында қалған бала көзін жұмып, ойын қайта басталады. ***(дене шынықтыру**)*** | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шеш, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Балалардың үйін қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС "Аль-Фараби" балабақшасы
**Топ**: «Жұлдыздар» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 08.01-12.01.2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 08.01.2024** | **Сейсенбі 09.01.2024** | **Сәрсенбі 10.01.2024** | **Бейсенбі 11.01.2024** | **Жұма 12.01.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | **Үйде балалармен үстел-үсті ойындар жиі ойнауға кеңес беру.** | | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат»**<br>**Мақсаты**: балалардың есте сақтауының дамуына жағдай жасау.<br>**Ойын барысы:** Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын | **Үстел үсті ойыны: «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады**<br>**Мақсаты**: балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойынды балалар жұптарымен ойнайды. Әр балаға сіріңкенің 6 шиінен беріледі. Екеуінің біреуі сол шилерден қандай да бір затты құрайды. Екіншісі бірнеше секунд көлемінде қарап алады да, оны қайтадан жасауға | **Үстел үсті ойыны: «Сөздер тізбегі»**<br>**Мақсаты**: балалардың есте сақтауының дамуына жағдай жасау.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге отырғызылады. Бірінші бала кез-келген бір заттың атын атайды.<br>**Мысалы:** «ірімшік». Екіншісі алдыңғы айтылған сөзді атайды да, өзі бір сөз қосып айтады. Осылайша жалғаса береді. Әрбір келесі ойыншы алдында айтылған барлық сөзді ретімен атап шығады | **Үстел үсті ойыны: «Есте сақта және тап»**<br>**Мақсаты**: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** 3-4 карточкада берілген суреттерді есте сақтап, оларды атау қажет. Содан соң балалар сол бейнелерді 10-12 дана ұқсас суреттердің арасынан табу керек. Бұл жаттығуды андар бейнеленген суреттер және ойыншықтар бейнеленген суреттерді | **Үстел үсті ойыны: «Шатаспай есте сақта»**<br>**Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.) Психолог: «Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ақырындап өсіруге болады. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)*** | тырысады. Содан кейін балалар орнын ауыстырады, екіншісі көрсетеді, біріншісі қайталайды. ***(математика негіздері)*** | да, өзінің сөзін қосып отырады. Кім шатасады, сол ойыншы ойыннан шығады. Ал ең соңында қалған оқушы жеңімпаз атанады. ***(сөйлеуді дамыту)*** | қолдануға болады. Ол үшін арнайы андар мен ойыншықтар бейнеленген суреттер кассасын пайдалануға болады. ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)*** | есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой», — деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Бала алдындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала психолог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет. Мысалы: өрт, зауыт, сиыр, орындық, әке, отыру, мейірімділік т.б. ***(сөйлеуді дамыту)*** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ Затсыз орындалатын**<br>**Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. «Бір алақан, екі алақан».<br>Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолдыартта ұстау. Бір қолды алға созып, алақанын жоғары қарату, б.қ.-қа оралу.Осылайшаекінші қолмен орындау. Осылайшакезек-кезек орындау. (4 рет қайталау)<br>2. «Алақанды өкшеге қою».<br>Б.қ.: отырып, қолдыартқа тіреу. Алға иілу, алақанды өкшенің жанындағы еденге қою, қолға қарау, б.қ.-қа оралу.Еркін тыныс алу. (5 рет қайталау.)<br>3. «Жүреміз».<br>Б.қ.: аяқты бүгіп, қолдыартқа тіреу. Аяқты сәл көтеріп, қайтадан түсіру – «жүреміз». 4-6 рет орындағаннан кейін аяқты түзу қойып, демалу: «келдік». Басты төмен түсірмеу. (5 рет қайталау.)<br>4. «Доп».<br>Б.қ.: аяқты алшақ қойып,қолды төмен түсіру. 2-3 секіру үшін серпілу, 8-10 рет секіру және 8-10 рет адымдау. Жеңіл секіру. (4 рет қайталау) | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **шаралар:** Таңғы с алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына іл<br>**Көркем сөз:**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>*(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу.<br>*(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>*(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу.<br>*(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)*<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>*(көркем әдебиет, қоршаға ортамен таныстыру)*<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Менің отбасым»**<br>Бас бармақ – ата<br>Сұқ саусақ – әже<br>Ортан терек – әке<br>Шылдыр шүмек – ана<br>Кішкене бөбек – мен<br>*(сөйлеуді дамыту)* | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Достық» жаттығуы**<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)<br>Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес… (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)<br>Қайтадан санауды | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Саусақтардың амандасуы»**<br>Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады<br>- Сәлеметсің бе, Балаң үйрек!<br>- Сәлем, Ортан терек!<br>- Амансың ба, Шылдыр шүмек!<br>- Қалың қалай, Кішкене бөбек | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Гүл»**<br>Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау.<br>Міне, гүлдің бүршіктері, | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Көмекшілерге алғыс білдіру»**<br>- Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу)<br>- Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау)<br>- Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бастаймыз.<br>Бір, екі, үш, төрт, бес..<br>Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).<br>*(математика негіздері)* | (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады)<br>*(сөйлеуді дамыту)* | Ашылады әдемі.<br>*(сөйлеуді дамыту)* | істейсіңдер.<br>(шапалақтау)<br>- Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату)<br>*(сөйлеуді дамыту)* |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Үлкен болып өсеміз»<br>**Мақсаты:** Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Ойын:** «Көлбақалар» | **Қазақ тілі**<br>күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, аттарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөздік минимум**<br>Қысқы киімдер, тон, құлақшын, етік, пальто<br>**Түрлі – түсті суреттер. «Киімдерді жыл мезгілін қарай топтастыр» дидактикалық ойыны** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Бір, екі, үш, бізбен бірге қайтала! (таза ауада) **Мақсаты:** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Ойын:** «Торғайлар мен мысықтар» | **Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Ойыншықтар»<br>**Мақсаты:** Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Ойын:** «Допты беріп жіберші» |
| | **«Қыстық киімдер»**<br>**Мақсаты:** балалардың қысқы киімнің айрықша ерекшеліктері мен функционалдық мақсаты туралы түсініктерін қорытындылау.<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну.<br>**Дидактикалық тапсырма** | **«Сиқырлы тон» ертегісі**<br>**Мақсаты:** Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. | **«Қысқы киім дүкені»**<br>**Мақсаты:** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету,<br>5 шегінде санау қабілетін бекіту, 5-ке дейінгі реттік санау; негізгі түстерді, геометриялық фигураларды білуді бекіту; | **«Қысқы сырт киім»**<br>**Мақсаты:** Дауысты (а, ә, е, о және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,<br>Тәрбиеші заттарды көрсетеді, оның не екенін сұрайды және балалардың киімнің түсін, оның ерекше белгілерін, соның | **«Еріншек етікші» ертегісі**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Қыс немесе жаз?»**<br>- Балалар қыста бізге қандай киім керек екенін анықтау үшін қыста болатын табиғат құбылыстарын, жазда не болатынын және қыстың жаздан қалай ерекшеленетінін еске түсірейік. Сіздің алдыңызда табиғат пейзаждары бар суреттер, қысты бейнелейтіндерді таңдаңыз. Неліктен сіз осылай ойлайсыз? Енді әртүрлі киімдерді көрсететін карталарды алыңыз, қыс мезгіліне сәйкес келетін киімдерді таңдаңыз. Неге екенін түсіндіріңіз?<br>**(Қоршаған оратмен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын «Сыртқы қысқы киім»**<br>**Мақсаты:** балаларды сыртқы қысқы киім ұғымымен таныстыру. Сөйлеуді дамыту. «Киім» ұғымын бекіту Қысқы киімді дұрыс атай білу қабілетін қалыптастыру;<br>**Шарты:** Экранда әртүрлі элементтерді көрсететін (немесе пайда болатын) | **Мазмұны бойынша әңгіме:**<br>- Біздің кейіпкерліміздің аттары кім?<br>- Қалай ойлайсыңдар, қайсысы бай, ал қайсысы Алдар көсе?<br>- Неге олай ойлайсыңдар?<br>Алдар көсенің тоны қандай еді, ал байдың тоны ше?<br>- Алдар көсе тесік тонның жылу беретініне байды қалай сендірді?<br>-Қай кейіпкерлерді тапқыр деуге болады?<br><br>- Алдар көсенің байға зияны тиді ме?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Кел, балалар,тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Шаңырақты көтеріп,<br>Керегені құрайық.<br>Уықтарша иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып,<br>Қазақ үйді құрайық.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Шапан тарту»** | -Балалар, сіз бен біз дүкенге жеттік. Амир, жоғарғы сөреде не жатқанын қараңдар?<br>- Қолғаптар<br>- Ал төменгі сөреде не жатыр, София?<br>- Шляпалар, тондар.<br>- Бір сөзбен айтқанда, шляпаларды қалай атауға болады?<br>- Бас киімдер.<br>- Бұл дүкен қалай аталады?<br>- Балалар, "Дүкен" ойынын ойнағың келе ме? Тек біз бәрін ретке келтіріп, дүкен ашуға дайындалуымыз керек. Дайынсыңдар ма?<br>**(математика негіздері)**<br>**«Өрнекті жаса»**<br>- Қолғаптары бар сөреге қараңдар, олар қандай?<br>- Оларға бірдеңе дұрыс емес! Олар бірдей ме, әлде әртүрлі ме?<br>- олар әр түрлі, бір өрнегі бар қолғап, екіншісі өрнексіз.<br>- Не істеу керек?<br>- Оларды ретке келтіру-сол өрнектерді жасау.<br>-Мен сендерге үстелге отыруды ұсынамын, сендер фигураларды желімдеуің керек.<br>**(Жапсыру)** | ішінде функционалдығын атауын қадағалайды.<br>- Бұл қандай пальто? (қысқы, жылы)<br>- Қандай түсті?<br>- Пальтода не бар? (жаға, қалталар, жеңдер, түймелер)<br>- Шарф не үшін қажет? (ауырып қалмас үшін оны мойынға байлап қою керек, сондықтан ол жылы болады)<br>- Біз не туралы айтамыз-үлпілдек, аң терісі, жұмсақ? (жаға туралы)<br>Қысқы, жылы... пальто.<br>Сары тоқылған... телпек. -Сендерде қандай қысқы киім бар?<br>(2-3 бала жауап береді)<br>**Жұмбақтар**<br>Түзде адымдайды,<br>Үйде дамылдайды.<br>Дәлізге жұрт тастайды,<br>Төрге аяқ баспайды.<br>**(Етік )**<br>Маңдайы бар тілі жоқ,<br>Құлағы бар үні жоқ.<br>**(құлақшын )**<br>Қос қолға киемін,<br>Жып жылы жүремін.<br>**(Қолғап )**<br>Күндіз төбеге шығады,<br>Түнде шегеге шығад.ы<br>(Бөрік )<br>**(Сөйлеуді дамыту және** | **Дидактикалық ойын: «Бірдей етіктерді тап»**<br>**Мақсаты:** ойлау қабілетін дамытуға, біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.<br>**Шарты:** бірдей етіктерді топтастыру, түстерін атау.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық,<br>Оңға қарай бір иіп<br>Солға қарай бір иіп<br>Белімізді жазайық<br>Шыңға қарай ұмтылып<br>Жираф болып тұрайық.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**«Әртүрлі етіктер»**<br>**Мақсаты:** Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | слайдтар пайда болады. Балаларға қандай суреттер киімге қатысты екендігі туралы сұрақтар қойылады. Дұрыс жауап бергенде, сәйкес кескін үлкейе бастайды немесе айнала бастайды. Әрі қарай, балаларға слайдтан киімге жатпайтын немесе жұмыс киімі ретінде жіктелетін және себебін түсіндіретін қосымша затты таңдау ұсынылады. Осылайша балалар киім туралы білімдерін бекітеді. Келесі слайдтарда балаларға көктемде, жазда, күзде және қыста қандай киім кию керектігін таңдау ұсынылады. Әрі қарай, балалар Қысқы кезеңде заттарды кию алгоритмін болжауы керек. Соңғы слайдтарда балаларға қысқы сыртқы киімдері бар суреттерді табуға және оның қалай ерекшеленетінін түсіндіруге, сондай-ақ қысқы сыртқы киімдердің не екенін айтуға шақырылады.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Мақсаты: қазақтың оюөрнек түрлерімен таныстыра отырып, шапанды безендіруді үйрету.<br>**(жапсыру)**<br><br>**«Алдаркөсеге арналған тон»**<br>**Мақсаты:** Эмоционалды жауаптылықты, ертегі кейіпкеріне жанашырлықты, көмектесуге деген ұмтылысты дамыту. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып мүсіндеуге үйрету.<br>**(Мүсіндеу)**<br>**«Тонның түсі, көлемі қандай қандай?»**<br>Мақсаты: біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.<br>**(математика негіздері)** | **Дидактикалық ойын «Түймені тігу»**<br>**Мақсаты:** қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлауын дамыту.<br>**Материал:** әр түрлі түсті картоннан жасалған дөңгелек түймелер, қалың жіптер немесе сәйкес түсті жұқа түймелер.<br>**Ойын барысы:** балаларға түймеге жіппен байланған инені пайдаланып түймелерді тігу ұсынылады. Инені тесіктерден өткізіп, балалар тігістер жасайды.<br>**(Құрастыру)** | **көркем әдебиет)**<br><br>**«Кім зейінді?» ойыны**<br>Мақсаты: ойлау қабілетіңн дамыту.<br>Шарты: Мен киімдерді атаса шапалақтау, аяқ киімді атаса топылдату, егерде бас киімді атаса бастарын сипалау.<br>-Жейде.<br>-Пима.<br>-Құлақшын т.т.б.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Қолғапты киіп аламыз.<br>Сарт – сарт – сарт,<br>Шапалақты соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етікті киіп аламыз.<br>Топ – топ – топ,<br>Топылдатып билейміз.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**"Әртүрлі маталар"**<br>дидактикалық жаттығуы.<br>Тәрбиеші балаларға сандықтан мата үлгілерін алады (қалың, жұқа, түрлітүсті).<br>Әр бала матаның бір бөлігін алады, оны сезінеді, сапасы мен қасиетін анықтайды. | **(Құрастыру, сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сергіту сәті**<br>**«Серуендейміз»**<br>Бір, екі, үш, төрт, бес —<br>Орнымызды қадымдаймыз.<br>Серуендеуге барамыз.<br>Айдана ала шарфты орады,<br>Жылы болды мойыны.<br>Аяғымызға киеміз<br>*(Қимыл жасайды).*<br>Қолғаптар мен етіктер,<br>Жылдам серуенге шығамыз,<br>Орнымызда қадымдап,<br>Секіріп, жүгірді.<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Қысқы киім**<br>**«Қолғап, қалпақ, шарф»**<br>**Мақсаты:** Желіммен, щеткамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйрету. Бланкілерді жабыстыру: қолғап, қалпақ, шарф Киімді безендіру: жұлдыздар, шеңберлер және т. б. Қолғаптардағы суреттер симметриялы | | | Балалардың болжамды жауаптары. Қалың, қатты немесе жұқа, түрлі-түсті.<br>- Балалар, біз матаның сиқырын көбірек білеміз.<br>№1 тәжірибе.<br>Үстелдерден өтіп, алдыңызда қағаз бен мата жолақтары жатыр. Қағазды алып, оны қолыңызбен ұстаңыз. Оған не болды? (ол мыжылған және түзетілмеген).<br>Біз матамен де солай жасаймыз. Матаға не болды? (мен аздап мыжылдадым, бірақ оны түзетуге болады).<br>Егер мата үтікпен үтіктелсе, ол бірдей болады.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**«Айжұлдызға арналған пальто»**<br>**Мақсаты:**<br>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі дөңгелек пішінді заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.<br>Балаларды жаңа материалдан – барқыт | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапсырылады.<br>**(Жапсыру)** | | | қағаздан аппликация жасауға үйрету. Балаларға матаның әртүрлі түрлерінің қасиеттері мен қасиеттерін анықтауға үйрету.<br>**(Сурет салу, құрастыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моторика дамыту)<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыру үйрету.<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны**<br>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбар салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | **Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.**<br>**Мақсаты:** қар жауып тұрған құбылысты бақылай білуге үйрету.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Көркем сөз:**<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін,<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Еңбек:** участкені тәрбиешінің көмегімен сыпыру.<br>**Мақсаты:** Үлкендерге көмектесе білуге тәрбиеле | **Қырауды бақылау.**<br>**Мақсаты**: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып түсіндіру. Қырау түскен ағаштарды бақылау.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Көркем сөз.**<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Еңбек**: Аяқ киімдері мен тондарын қардан тазалау.<br>**Мақсаты**: ұқыптылыққа, тазалыққа үйрету.<br>***(еңбек қызметі)***<br>**Қ/қозғалыс ойыны:** | **Мұз сүңгісін бақылау.**<br>**Мақсаты**: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Көркем сөз:**<br>Көл бетінде жатыр<br>айдын – мұз ойнақ,<br>Қыстың өзі жасағандай<br>бізді ойнап,<br>Шаңғы теуіп жарысамыз<br>желменен,<br>Күнде осында<br>қызықтаймыз біз ойнап.<br>Мұзафар Әлімбаев<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Еңбек:** Тәрбиешінің көмегім қар тазалау.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу. | **Қайың ағашын бақылау**<br>**Мақсаты**: қайың ағашының қысқы көркін бақылауға үйрету.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Көркем сөз**<br>Ағаштар тұр жүдеп,<br>Жапырақ сәні енеді.<br>Соғады жел үдеп,<br>Қыстың кеп сәлемі.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Еңбек:** қайың ағашының түбіне қар жинау.<br>**Мақсаты**: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.<br>***(еңбек қызметі)*** | **Терезедегі өрнектерді бақылау.**<br>**Мақсаты**: балаларға құбылысты түсіндіру. Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Көркем сөз:**<br>Бір топ бала сырғанап,<br>Барады әне жарысып.<br>Қалды артта қыр қалып.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Еңбек**: Қардан тәрбиешін көмегімен бекініс жасау.<br>**Мақсаты:** еңбекқорлыққа үрету.<br>***(еңбек қызметі)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***(еңбек қызметі)***<br>**Қ/қозғалыс ойыны:**<br>«Ақ қоян»<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>**Ойын мазмұны:**<br>Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол стасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Орныңнан тұрсаңшы,<br>Шашыңды тарасаңшы.<br>Бетіңді жусаңшы,<br>Әй-әй көйлек кисеңші,<br>Біреудің қолын үзсеңші-<br>дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды<br>түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп бары п шеңберді бұзуға тырысады.<br>Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Жеке жұмыс:** «Адасқан қар қиыршықтары» | «Допты ұста»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Жеке жұмыс :**<br>Жаңылтпаш жаттау.<br>Ақ, ақ ,<br>Секеңдейді лақ.<br>Аң-аң,<br>Аң патшасы-арыстан.<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | ***(еңбек қызметі)***<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн, су, ауа»<br>**Ойын мақсаты:**<br>Берілген белгі бойынша ойынның шартын бұзбай дұрыс ойнауға үйрету.<br>**Ойын шарты:** «Күн» дегенде балалар ашық алаңда ойнап жүреді, өсімдік болып өседі, өйткені өсімдіктер күнді жақсы көреді, күнмен өседі «Су» дегенде балалар балық кит сияқты суда жүзеді.<br>«Ауа» дегенде құстар, ұшақ сияқты қалықтап ұшады т.б. Ойын осылайша жалғасады.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Жеке жұмыс**: Жұмбақтар шешу<br>Орманда жоғары<br>Ағашқа қонады<br>Тұмсығын балға етіп<br>Тоқ-тоқ соғады.<br>(Тоқылдақ)<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | **Қ/қозғалыс ойыны:**<br>«Ит пен қоян»<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.<br>**Жеке жұмыс:**<br>«Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату.<br>**Жұмбақ**:<br>Жазда жатсаң көлеңкесінеалады,<br>Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш<br>***(сөйлеуді дамыту)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | **Қ/қозғалыс ойыны**:<br>«Аңшылар мен қояндар»<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>**Шарты:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жұмбақ жасыру<br>Отта жанбайды<br>Суда батпайды. ( Мұз)<br>***(сөйлеуді дамыту)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру.<br>**Жұмбақ:**<br>Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар)<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретумен ағытамыз.<br>- Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз.<br>- Көйлекті, шалбарға, шортик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Нан қоқымын шашпаймыз,<br>Жерде жатса баспаймыз.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаймыз. (нанды үгітпей, ойнамай жеу, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).** Ертегі оқып беру. «Шұбар тауық» **(көркем қызмет)**<br>**Әлди**<br>**Мақсаты:** бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру.<br>Әлди, әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат бөпем.<br>Жылама, бөпем, жылама, | | | | |

| | |
|---|---|
| | Жілік шағып берейін,<br>Байқұтанның құйрығын<br>Жіпке тағып берейін. **(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап<br>төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2- 4 рет)<br>Ойын: «Жаз бен күз»<br>Оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу,<br>күзде суық тонамыз, жаз дегенде керілеміз ( 3- 4 рет)<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** |
| **Бесін ас** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршік және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).**<br>Жастықтан біз тұрамыз,<br>Қолымызды созамыз.<br>Аяғымызды жазамыз,<br>Үлкен болып өсеміз. **(дене белсенділігі).**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сюжетті-рөлді ойын: «Емхана»**<br>**Мақсаты:** балаларда дәрігер мамандығына деген қызығушылық қалыптастыру.<br>Сюжеттік ойындарды дамыта білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Медициналық құралдардың атауын бекіту: фонендоскоп, шприц, шпатель, мақта, дәке.<br>Ауру адамдарға қамқорлықпен, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.<br>**Керекті құрал жабдықтар**:дәрігердің бас киімі мен халаты, медициналық құралдар.<br>**Алдын ала жұмыс**: медкабинетке экскурсияға бару, дәрігер жұмысына бақылау жасау.<br>**Шарты**: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады үйге жедел жәрдем шақырады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға шақырады. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Аурухана»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дәрігер, медбике, санитар мамандығы туралы түсінік беру. Ауырып тұрған адамға жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: халат, бас киім, рецеп жазып беруге қарындаш пен қағаз, фонендоскоп, тонометр, градусник. дәке, мақта, шприц, дәрілер, пинцет, қайшы. | **Сюжетті-рөлді ойын: «Аурухана»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дәрігер, медбике, санитар мамандығы туралы түсінік беру. Ауырып тұрған адамға жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.<br>Қажетті құрал-жабдықтар: халат, бас киім, рецеп жазып беруге қарындаш пен қағаз, фонендоскоп, тонометр, градусник. дәке, мақта, шприц, дәрілер, пинцет, қайшы.<br>**Ойындық рөлдер**: дәрігер, медбике, ауру адам.<br>«Дәрігердің қабылдауында» «Укол саламыз»<br>**Шарты**: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек.Бір бала ауру адам болады,екі бала ата-анасы болады,медбике укол салады,анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап,өздерін ата-ана рөлінде сезініп, мейірімділікке баулу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Өз үйіңді тап!»** ойын.<br>**Мақсаты:** Түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, | **Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем»**<br>**Мақсаты:** «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету,адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу.<br>Ақ халатты абзал жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету.<br>Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту.<br>**Керекті құралдар**: жедел жәрдем көлігі, қағаздар, халат, бас киім, дәрілер салынған чемодан.<br>**Шарты**: Бір бала жүргізуші,екі бала дәрігер рөлін ойнайды,балалар дәрігерлердің жұмысына құрметпен қарап біз олардың көмегіне мұқтаж екенімізді түсініп,жақсы көз қараста болу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»**<br>**Мақсаты:** ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.<br>**(математика негіздері)** | **"Аяқ киім дүкені" Сюжетті рөлдік ойыны:**<br>Балалар, сіздер өте әдемі және қызықты аяқ киім алдыңыздар. Әр жұп бірегей және екіншісінен ерекшеленеді. Мен сізге "аяқ киім дүкені" ойынын ойнауды ұсынамын. Бұл үшін бізге не қажет? (касса, аяқ киім сөрелері, айна).<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойналатын сюжеттер:** «Дәрігердің қабылдауында», «Үйге дәрігер шақыру» **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Дөңгелектер»** **Мақсаты:** ермексаздан машина жасап құрастыру **(мүсіндеу, құрастыру)** | | ойынның ережесін сақтауға үйрету. **(математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әмірege ұсақ қол моторикасын дамыту. **Сурет салу** | Сафияға ермексазды есіп пішіндер жасатуға үйрету. **Мүсіндеу, математика негідері** | Сұлтанға суретті дұрыстап бояуды үйрету. **Сурет салу** | Каусарға түстерді ажырата білуге үйрету. **Математика негіздері** | Латифке тыныс алу жаттығуын жасату. **Сөйлеуді дамыту** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау** **«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме** Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғаны қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Аз қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Ойыншылар 3 – 4 аласа ұзынша орындықтарда отырады. Әр орындықта бір әдемі үлкен ойыншық: | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Аз қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **Шарты:** Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Аз қимылды ойын:** «Ақ қоян» **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. **Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Аз қимылды ойын: «Төбеде доп қуу»** **Мақсаты:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Шарты:** Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа | Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Аз қимылды ойын: «Жапалақтар»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Алғашқы қарды бақылау<br>**Мақсаты:** Жерге түскен қарға сипаттама беру, бақылау жүргізуге үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту)***<br>**Еңбек**: Күректерді жинау.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:** Жұмбақ<br>Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып,<br>Жерді барып құшады.<br>(Қар)<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс.** Қыс мезгіліне арналған өлеңде айту:<br>Аппақ, аппақ,<br>жапалақтап,<br>Қар жауады<br>тынбастан...<br>**Қим. ойын**:<br>«Кім баяу?»<br>**Мақсаты:** балаларды баяу және аяқтың үшымен жүруге үйрету.<br>**Шарты:** Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: | Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау.<br>**Мақсаты:** Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Еңбек:** Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>**Мақсаты**: бөлме гүлдерін күте білуге тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып-жылтыр боп жатады.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс:** Әмина, Мирас, Н.Айаруға қысқы еңбек түрлерін айтқызу.<br>**Қим. ойын:** «Аңшылар мен қояндар»<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>**Шарты:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі | Қысқы ағаштарды бақылау<br>**Мақсаты:** Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыра білуге үйрету**.**<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Еңбек:** Ойын алаңын қардан тазалауға көмектесу**.**<br>**Мақсаты:** Еңбекке, тазалыққа баулу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз.**<br>Балалар шықты далағы,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен озады,<br>Аққаланы соғады.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Қим. ойын:** «Қу түлкі»<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап ). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін | Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау<br>**Мақсаты:** күннің суытуын бақылай білуге үйрету.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Еңбек**: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>**Мақсаты:** үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз**.<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап балалар ойнайд<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс.**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тісі жоқ тістеп алады,<br>Қолы жоқ сурет салады.<br>(Аяз)<br>**Қ/қозғалыс ойыны:**<br>«Көлеңке»<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту<br>**Ойын шарты:**<br>Көлбең-көлбең<br>көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем. | Қарғаның тамақтануын бақылау<br>**Мақсаты:** Қарғаның тамақтануын көрсету, қыста тамақты жерге бермей, арнайы жемсауытқа салуға үйрету.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Еңбек**: Құстарға жем беру.<br>**Мақсаты:** құстарға қамқор бола білуге үйрету.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:** Жұмбақ<br>Қыс айында, мұз айында<br>Жүгірсе зыр етеді.<br>Бір адамды екеу ара<br>Көтеріп ап кетеді.<br>(Коньки)<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс:**<br>Тақпақтар жаттату.<br>Өкпелетсе анасы,<br>Өкпелетсе ағасы.<br>Айтам дейді «әжеме»,<br>Әжесінің баласы.<br>**Қим. ойын:** «Көжектер мен түлкі»<br>**Мақсаты:** балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету.<br>**Ойын шарты:** Бір бала түлкі болып сайланады, қалған балалар көжек бет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.**<br>. | ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеттері.** | Аю қалай жүреді,<br>Кім көрсете біледі?<br>Айнұр шығып сен көрсет.<br>Тәрбиеші балаларды кезектеп атап,ортаға шығарып түрлі жануарлардың жүрісін салып көрсетуді сұрайды.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | пердесін киіп, дөңгелене отырады.<br>**Ойын жүргізуші:**<br>Көжектерім тұршы, беттеріңді жушы<br>Ну орманға барайық,тамақтанып алайық.<br>**Қоян:** Жалмандаған қу түлкі,келіп қапты орманнан.<br>Көжектерім қайда? - деп, еріп келеді соңымнан.<br>Көжектер ән ырғағымен секіріп, қаша жөнеледі, түлкі қуады.<br>***(дене қозғалысы)***<br>**Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретімен ағытамыз.<br>- Киімдерді рет-ретімен шешіп орнына іліп қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Шалбарымызды шешіптопқа киетін киімдерімізді киеміз. Киімдерді бүктеп қоямыз.***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).*** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**«Тамақты шашпай ішіп үйренеміз»** (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек бас жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту).**<br>**Ертегі оқу. «Әнші қоян»**<br>**Мақсаты:** Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>**(көркем әрекет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Жуынып болғанда,<br>Жүреді қолдарда.*(орамал)*<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).**<br>Қалтамда жатыр тісі бар,<br>Тістемей-ақ істер ісі бар. /тарақ/ **(сөйлеуді дамыту).**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** Өзімді жақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Сюжетті рөлді ойын: «Шаштараз»** | **Сюжетті рөлді ойын: «Шаштараз»** | **Сюжетті рөлді ойын:** «Дүкен » ойыншықтар | **Дидактикалық ойын:** «Үй, терезесін жабайық» | **Сюжетті рөлді ойын:** «Дүкен. Киімдер бөлімі» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу. Шашатарды қию, сәндеу.<br>**Шарты:**<br>«Анасы қызын шаштаразға апара жатыр»<br>«Әкесі ұлын шаштаразға »<br>«Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз»<br>«Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз»<br>Соны мен қатар балалар шаштаразшының жұмысын бағалайды.<br>**(*сөйлеуді дамыту)*** | **Мақсаты:** Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу. Шашатарды қию, сәндеу.<br>**Шарты:**<br>«Анасы қызын шаштаразға апара жатыр»<br>«Әкесі ұлын шаштаразға »<br>«Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз»<br>«Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз»<br>Соны мен қатар балалар шаштаразшының жұмысын бағалайды.<br>**(*сөйлеуді дамыту*** | **Мақсаты:** Мамандық-тар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы жайлы білімдерін тиянақтау. Ойынды ролдерге бөліп ойнауға үйрету.<br>**Керекті құралдар:** сөрелер, сатушы, ойыншықтар, касса, ақша, сатып алушылар.<br>**Шарты:** Сатушы және бала,сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау, бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады.<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)*** | **Мақсаты:** Түстеріне қарай терезелерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Қағаздан қиылған, терезесі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Түстерді ажырата отырып, терезелерді жабуды ұсыну.<br>***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** | **Мақсаты:** Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру, қызығушылық-тарын арттыру. Рөлдерге бөлініп ойнауға үйрету.<br>**Керекті құрал-жабдықтар:** сөрелер, таразы, касса, ақша, киімдер**.**<br>**Шарты:** Баласына әр түрлі мезгілге арналған киімдер алып беру. Ата-ана рөлін сомдау. Киімді дұрыс тандай білуге баулу**.**<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаға ортамен таныстыру)*** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Әміреге тақпақ жаттату**<br>Келді жаңа жылымыз,<br>Құтты болсын баршаға.<br>Шыршамыз тұр ортада,<br>Тойлайықшы шаттана.<br>**Мақсаты:** сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту.<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | Каусарға жыл мезгілдері туралы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстарын атау. Баланың есте сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | «Тез ойла»<br>**Мақсаты:** Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту.<br>***(математика негіздері)***<br>Алинұрға - мозайка. Шыршаны безендіру.<br>***(жапсыру)*** | Қайсарға қысқы ойындар жайлы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** суретке қарап өз ойын толық жеткізе білуге үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту)***<br>Алшынға шананың суретін боятқызу.<br>***(сурет салу)*** | Рахманға түстерді жаттатқызу.<br>***(математика негіздері)***<br>Қысқы киімдерді тауып боя<br>***(сурет салу)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайынды** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау**<br>**«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынған қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыту)*** | | | | |
| **Серуен** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Ұшақтар»<br>**Шарты:** Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызу. Тәрбиеші өзі ұшақ болып ұшып көрсетеді. Тәрбиеші: «Ұшақтар ұшады!» – деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қонады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.<br>***(дене шынықтыру**)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Доп кімде?»<br>**Шарты:** Бір бала жүргізуші болады. Бір бевала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады ( қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ).<br>Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді.<br>Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін ( көзінің т.б.) біліп айту керек. Тапса допты | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Ит пен қоян»<br>**Мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.<br>***(дене шынықтыру**)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Күн мен жаңбыр»<br>**Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады.<br>***(ойын қызметі)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Қу түлкі »<br>**Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады ( шеңбер жасап ). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек.<br>***(дене шынықтыру**)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. ***(дене шынықтыру**)*** | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **балалардың үйге қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** | | | | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС "Аль-Фараби" балабақшасы
**Топ**: «Жұлдыздар» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 04.02-07.03.2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 04.03.2024** | **Сейсенбі 05.03.2024** | **Сәрсенбі 06.03.2024** | **Бейсенбі 07.03.2024** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| | Күн тәртібін еске салу. «Менің сүйікті ойыншығым» **Мақсаты:** өзіңін сүйікті ойыншығын сиппатай білуге үйрету. ***(сөйлеуді дамыту)*** | Ауа-райына сай киіндіру. «Бүгін ауа-райы қандай? **Мақсаты:** Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа- райы жағдайының /аяз, қыс / бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. | **«Сен не киіп келдің?» Мақсаты:** Киім атауларын дұрыс айтады. Сөйлем құрастырады. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтығады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | Балабақшаға келе жатқанда байқаған қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны:** «Ретке келтіру» **Мақсаты:** балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. **Ойын шарты:** берілген суреттердің арасынан біреуін таңдайды. **Мысалы:** тоңазытқыштың суретіне; сүт, шұжық, қатық , етті орналастыру. ***(қоршаған ортамен танысу)*** | **Үстел үсті ойыны:** «Домино» Жабайы жануарлар. **Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлары туралы білімдерін бекіту: піл, түлкі, аю т.б.жануарлардың ерекшеліктерін атап өту. **Ойын шарты:** Ойын барысында балалар бір-біріне ұқсас жабайы жануарларды тауып бір-біріне тізбектеп жалғау керек. ***(қоршаған ортамен танысу)*** | **Үстел үсті ойыны:** «Түрлі түсті дөңгелек» **Мақсаты:** балаларды түстерді салыстыра білуге, білім мен түстер жүйесін нығайтуға үйрету. **Ойын шарты:** балалардың алдына түрлі-түсті дөңгелектер салынған карточка беріледі. Сол дөгелектерге сәйкес түрлі-түсті фишкаларды қойып шығу керек. ***(математика негіздері)*** | **Үстел үсті ойыны:** «Түрлі түсті пирамида» **Мақсаты:** шаманы қабылдауды дамыту. **Ойын шарты:** үлкеніне кішісіне қарай пирамиданы жинау. ***(математика негіздері)*** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады)**<br>**Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. «Жоғары».<br>Б.қ.: қолды арт жаққа таяп, орындықта отыру. Қолды екі жақпен жоғары көтеру, жоғарыға қарау. Б.қ.: «төмен», – деу. (6 рет қайталау).<br>2. «Қара».<br>Б.қ.: Осылайша қолды белге қою. Оңға бұрылу, артқа – б.қ.Осылайша екінші жаққа орындау. (3 рет қайталау.)<br>3. «Отыр және тұр».<br>Б.қ.: Осылайша қолды артқа қою. Тік тұрып, жоғары қарау – б.қ.Аяқты қозғалтпай. (6 рет қайталау.)<br>4. «Абай бол».<br>Б.қ.: қолды төмен түсіріп, орындыққа таяу тұру: орындықтың үстіне шығып тұру, орнықты орындықтан түсу. (6 рет қайталау). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5. «Секіру, жүру».<br>Б.қ.: алдыңғы жаттығудағыдай. Екі аяғымен орындық бойына секіру (3-4 м). Бір орында тұрып жүру. (4 рет қайталау).<br>(дене шынықтыру**) | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық шаралар:**<br>Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Гигиеналық шаралар:**<br>Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдын қолдарын жуу, қолды сүр және орамалды орнына іл орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын біл дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениет қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кей алғыс айту) | **Көркем сөз:**<br>Су, су менің бетімді жу.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұста тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкен сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту | **Гигиеналық шаралар:**<br>Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | |
| **Ұйымдасты-рылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Ағаш»**<br>Аулада ағаш жайқалады,<br>Жап-жасыл оның жапырағы.<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен*** | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Саусақ санау»**<br>Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын | **Саусақ жаттығуы**<br>**«Саусақтар жүреді»**<br>Саусақтар жүреді.<br>Екі саусақпен 5-ке дейін тур және кері санап, алға-артқа жүреді.<br>***(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)*** | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«Менің отбасым»**<br>Бас бармақ – ата<br>Сұқ саусақ – әже<br>Ортан терек – әке<br>Шылдыр шүмек – ана<br>Кішкене бөбек – мен | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***таныстыру )*** | кезек-кезек создыра көрсетіп,<br>Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап.<br>Басбармақ,<br>Балан үйрек,<br>Ортантерек,<br>Шылдыршүмек,<br>Кішкенебөбек.<br>Бала қозғалыстарды қайталайды.<br>***(дене қозғалысы)*** | | ***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)*** | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдасты-рылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Қонаққа құртақан келді»<br>**Мақсаты:** аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Ойын:** «Домалаймыз» | **Қазақ тілі**<br>күнделікті өмірде жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жабайы жануарлардың аттарын білдіретін сөздердің мағынасын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сөздік минимум**<br>бір, екі, үш<br>«Жабайы жануарлар» постері.<br>«Жабайы жануарлар» дидактикалық ойын | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы**: «Аяқ күшін нығайтамыз»<br>**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру.<br>**Ойын:** «Иттер мен Қарғалар» | **Музыка**<br>**(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)** | |
| | **«Тұрмыстық техникалар»** әңгіме<br>**Мақсаты:** Тұрмыстық техника, оның қолданыуы туралы білімдерін жетілдіру. Олардың атқаратын қызметтерімен таныстыру. Балалардың | **«Жұмбақ жасыру»**<br>Біздің үйде бір зат бар<br>Сақтайды онда тамақты<br>Болсын мейлі күз бен жаз6<br>Іші оның қатты аяз.<br>(тоңазытқыш)<br><br>Шаң-тозаңды сүймейді | **«Жұмбақ жасыру»**<br>Кино менен концертті,<br>Үйде қойып беремін,<br>Жаңалығын бар елдің,<br>Өз көзіммен көремін.<br>**(Теледидар)**<br>Шыр-шыр етеді,<br>Құлағыңнан өтеді.<br>Ұстай алсаң, | Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сөмке»<br>**Мақсаты:** Сөмке ішінен шығарып, көрсете отырып техникалық заттарды атау.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Тұрмыстық техникаларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**<br>-Үйдегі заттарды атаңдар.<br>Сендердің үйлеріңде қандай қажетті тұрмыстық техника бар?<br>***Суреттерді көрсету.***<br>-Асүйден бастайық.<br>Ас үйлеріңде қандай заттар бар?<br>Қонақ бөлмеде қандай заттар бар?<br>-мына суреттерден қандай заттарды көріп тұрсыңдар?<br>-Бұл қандай бөлме?<br>-Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырамыз?<br>-Тұрымыстық техникаға не жатады?<br>-Балалар, бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты?<br>-Дұрыс айтасыңдар. Адамдар қол еңбегін жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты.<br><br>**«Помогатор» жаттығуы** | Тазалап оны жүр дейді.<br>-Бүкіл әлем ішіне сияр<br>Аты оның.....<br>(шаңсорғыш)<br>**(Сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Кір жуатын машина»**<br>Кір жуатын машинаны сурет арқылы айтып түсіндіру. Балалар егер біздің үстіміздегі киімдеріміз былғанған жағдайда аналарымыз не істейді?<br>-жуады<br>-дұрыс айтасыңдар. Балалар бұрын киімді аналарымыз, апаларымыз қолымен жуатын, ал қазір киімді жуатын машина бар, сол машинамен кір жуамыз.<br>-Кір жуатын машина тоққа қосу арқылы іске қосылады.<br>- Кір жуатын машина киімімізді жуып- шайып, сығып құрғатып дайын қылып береді, киіміміз таза болады. Бұрын ондай болмаған.<br>Кір жуатын машинаның өзіне арналған ережелері бар, сол ережелерді сақтаумыз керек. | Сөйлеп кетеді.<br>**(Телефон)**<br>Тоққа тисе мұрты ұзын,<br>Табанымен жазық.<br>Киімдердің қыртысын,<br>Береді тез жазып.<br>**(Үтік)**<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Тоқтар сымның бойымен,<br>Жүгіреді тоқтаусыз.<br>(денемізге саусақтарды жүгіртеміз)<br>Топқа жарық сыйлайды,<br>Барлығына ұнайды.<br>(қимыл-қозғалыс жасайды)<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**«Теледидар»**<br>Теледидар туралы әңгімелеп беру.<br>- Балалар теледидардың пайдасы өте көп. Көптеген жаңалықтарды, ертегілерді, концерттерді теле-дидардан көреміз. Сонымен бірге теледидардың зияны да бар. Теледидар көргенде біз теледидардан алыс отырып, қарауымыз қажет. Жақын отырып теледидар қарауға болмайды. Көзімізге зиян келеді. | Сиқырлы сөмкеден шыққан «ұялы телефонды» мүсіндеу.<br>**Мақсаты:** Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы «ұялы телефонды» мүсіндеу<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап!»**<br>**Шарты**: балалар алдарындағы бейнеленген тұрмыстық құралдардың қайссы тоққа қосылып тұрғанын сызу арқылы көрсетіп, сол тех. құралды бояу.<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу және)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>**«Телефон»**<br>Әй, телефон, телефон,<br>Мамаң келіп бұраса.<br>Кім керегін сұраса,<br>Тез шақырып келесің,<br>Айтқанына көнесің,<br>Әй, телефон, телефон,<br>Ал мен келіп бұрасам,<br>Кім керегін сұрасам,<br>Тыңдамайсың бірін де,<br>Гуілдейсің, мұның не?<br>**(Дене шынықтыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өленнің сөзіне сәйкес қимылдар жасау.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын «Заттар қандай пішіндерге ұқсайды?»**<br>**Мақсаты:** суреттегі заттармен танысып, олардың атауын атап беруді сұрау. (Балалар суретке қарап заттарды атайды; тоңазытқыш, теледидар т.б)<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Балмұздақ»**<br>Балалар, балмұздақ еріп кетпеу үшін оны қайда саламыз?<br>-тоңазытқышқа саламыз, дұрыс айтасыңдар. Біздің тағамдарымыз бұзылып, еріп кетпес үшін оны салқын тоңазытқышқа саламыз. Тоңазытқыш туралы сурет арқылы түсінік беру.<br>Ендеше ермексаздан тоңазытқышты мүсіндеп көрейік. Ермексазды алақан арасына салып, саусақтарымызбен жұмсартып, төртбұрышты мүсінге | Қазір алдарыңдағы кір жуатын машинаның дайын сұлбасын әдемілеп бояймыз.<br>**(сурет салу)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Тең бе?»**<br>**Мақсаты:** заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шарты:** суреттегі кір жуатын машинаға көйлектерді түстеріне қарай сәйкестендіру, артығын санау.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Шаш кептіргіш»**<br>**Мақсаты:** Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы шаш кептіргішті мүсіндеу<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**«Ноутбук»**<br>**Мақсаты:** Конструк-торды өзара бір-бірімен мықтап бекіту | Үлгі суреттерді көрсетіп, теледидардың қалай жасалатынын түсіндіру.<br>- Қане, балалар осы теледидарды өзіміз жасап көрейік.<br>Біз теледидарды сіріңке қорабынан жасайтын боламыз. Тіс шұқығыш пен ермексаздан те-ледидардың антенасын жасаймыз.<br>**(құрастыру, мүсіндеу)**<br><br>**«Тоқаштар»**<br>Балалар, сендер тоқашты жақсы көресіңдер ме? Оны дайындау үшін ұн, қант, жұмыртқа т.б заттар қажет, ал араластыру үшін «Миксер» керек, ол да техникалық құралдың біреуі. Дайын тоқаштарды бояу және санап шығу.<br>**(математика негіздері, сурет салу)**<br><br>**«Әжемізге демдеп шәй берейік»**<br>Балалар, бізге қонаққа әжеміз келіп қалыпты. Әжемізге дастархан жайып шәй берейік, ал шәй беру үшін бізге алдымен не қажет? | **Дидактикалық ойын: «Қоңырау»**<br>**Мақсаты:** ойлау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Арнат Айымға қай телефонға қоңырау шалғанын тауып, суретте неше телефон бейнеленгенін санап, түстерін атау.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**«Желдеткіш»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйрету.<br>**(жапсыру, құрастыру)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келтіріп тоңазытқышты жасаймыз.<br>**(мүсіндеу)**<br><br>**«Телефон»**<br>**Мақсаты:** телефонның дайын сұлбасын қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды жалғастыру.<br>**(сурет салу)** | тәсілдерін қолданып, ноутбук құрастыру.<br><br>**«Тоқ пеш»**<br>**Мақсаты:** желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу арқылы дайын пішіндерді жапсыру.<br>**(жапсыру)** | Дұрыс айтасыңдар, «тоқ шәйнек». Ендеше дайын бөлшектерден шәйнекті жапсырайық.<br>Шәйнегіміз дайын, әжемізге шәй берейік.<br>**Әже:** Балалар, шәйларын өте дәмді болды. Сендерге үлкен Рахмет!<br>**(жапсыру)** | | |
| **Серуенге дайынды** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотрикаларды дамыту)<br>**«Біз киініп үйренеміз» әңгіме**<br>**Мақсаты:** балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет)<br>**«Дұрыс-бұрыс» ойыны**<br>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кисе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кисе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше? Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Серуен** | Алғашқы қарды бақылау<br>**Мақсаты:** Жерге түскен қарға сипаттама беру, бақылау жүргізуге үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту)***<br>**Еңбек**: Күректерді жинау. | Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау.<br>**Мақсаты:** Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)*** | Қысқы ағаштарды бақылау<br>**Мақсаты:** Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыра білуге үйрету**.**<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)*** | Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау<br>**Мақсаты:** күннің суытуын бақылай білуге үйрету.<br>***(қоршаған ортамен таныстыру)***<br>**Еңбек**: Аула сыпырушының еңбегін бақылау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз:** Жұмбақ<br>Қалбалақтап ұшады.<br>Қанаты талып,<br>Жерді барып құшады.<br>(Қар)<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс.** Қыс мезгіліне арналған өлеңде айту:<br>Аппақ, аппақ,<br>жапалақтап,<br>Қар жауады<br>тынбастан...<br>**Қим. ойын**:<br>«Кім баяу?»<br>**Мақсаты:** балаларды баяу және аяқтың үшымен жүруге үйрету.<br>**Шарты:** Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар | **Еңбек:** Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>**Мақсаты**: бөлме гүлдерін күте білуге тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз**<br>Далада қар борайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады, қатады,<br>Жып-жылтыр боп жатады.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс:** Әмина, Мирас, Н.Айаруға қысқы еңбек түрлерін айтқызу.<br>**Қим. ойын:** «Аңшылар мен қояндар»<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.<br>**Шарты:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: | **Еңбек:** Ойын алаңын қардан тазалауға көмектесу**.**<br>**Мақсаты:** Еңбекке, тазалыққа баулу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз.**<br>Балалар шықты далағы,<br>Ойнап, күліп жүр енді.<br>Шаналармен озады,<br>Аққаланы соғады.<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Қим. ойын:** «Қу түлкі»<br>**Мақсаты:** балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.<br>**Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап ). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа | **Мақсаты:** үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Көркем сөз**.<br>Аяз қысып,<br>Өрнек сызып,<br>терезені торлайды.<br>Қарға омбығып,<br>Бет домбығып,<br>Сырғанап балалар ойнайд<br>***(көркем әдебиет)***<br>**Жеке жұмыс.**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тісі жоқ тістеп алады,<br>Қолы жоқ сурет салады.<br>(Аяз)<br>**Қ/қозғалыс ойыны:**<br>«Көлеңке»<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту<br>**Ойын шарты:**<br>Көлбең-көлбең<br>көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Аю қалай жүреді,<br>Кім көрсете біледі?<br>Айнұр шығып сен көрсет.<br>Тәрбиеші балаларды кезектеп атап,ортаға шығарып түрлі жануарлардың жүрісін салып көрсетуді сұрайды. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. ***(дене қозғалысы)*** **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. ***(дене қозғалысы)*** **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** . | қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. ***(дене қозғалысы)*** **Балалардың өзіндік іс-әрекеттері.** | ***(дене қозғалысы)*** **Балалардың өзіндік іс-әрекеті.** | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау**<br>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:<br>- Түймелерді ретімен ағытамыз.<br>- Киімдерді рет-ретімен шешіп орнына іліп қоямыз.<br>- Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз.<br>- Шалбарымызды шешіптопқа киетін киімдерімізді киеміз. Киімдерді бүктеп қоямыз.***(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).*** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>**«Тамақты шашпай ішіп үйренеміз»** (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ертегі оқу. «Әнші қоян»**<br>**Мақсаты:** Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқыл балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>**(көркем әрекет)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырма үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Жуынып болғанда,<br>Жүреді қолдарда.*(орамал)*<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру **(дене белсенділігі).**<br>Қалтамда жатыр тісі бар,<br>Тістемей-ақ істер ісі бар. /тарақ/ **(сөйлеуді дамыту).**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті** | **Сюжетті-рөлді ойын: «Шаштараз»**<br>**Мақсаты:** Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу. Шашатарды қию, сәндеу.<br>**Шарты:**<br>«Анасы қызын | **Сюжетті-рөлді ойын: «Шаштараз»**<br>**Мақсаты:** Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу. Шашатарды қию, сәндеу. | **Сюжетті-рөлді ойын:** «Дүкен» ойыншықтар<br>**Мақсаты:** Мамандық-тар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы жайлы білімдерін тиянақтау. Ойынды ролдерге бөліп ойнауға үйрету.<br>**Керекті құралдар:** сөрелер, сатушы, | **Дидактикалық ойын:** «Үйдің терезесін жабайық»<br>**Мақсаты:** Түстеріне қарай терезелерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Шарты:** Қағаздан қиылған, терезесі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Түстерді ажырата отырып, терезелерді жабуды ұсыну. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шаштаразға апара жатыр»<br>«Әкесі ұлын шаштаразға »<br>«Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз»<br>«Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз»<br>Соны мен қатар балалар шаштаразшының жұмысын бағалайды.<br>**(*сөйлеуді дамыту)*** | **Шарты:**<br>«Анасы қызын шаштаразға апара жатыр» | ойыншықтар, касса, ақша, сатып алушылар.<br>**Шарты:** Сатушы және бала,сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау, бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады.<br>***(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)*** | ***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)*** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Алшынға тақпақ жаттату.**<br>Келді жаңа жылымыз,<br>Құтты болсын баршаға.<br>Шыршамыз тұр ортада,<br>Тойлайықшы шаттана.<br>**Мақсаты:** сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту.<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | Әміреге жыл мезгілдері туралы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:**Табиғат құбылыстарын атау. Баланың есте сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту.<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | Сафияға «Тез ойла»<br>**Мақсаты:** Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту.<br>***(математика негіздері)*** | Сұлтанға қысқы ойындар жайлы әңгімелесу.<br>**Мақсаты:** суретке қарап өз ойын толық жеткізе білуге үйрету.<br>***(сөйлеуді дамыту)*** | |
| **Серуенге дайынды** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау**<br>**«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыт және көркем әдебиет)*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райы бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Ұшақтар»<br>**Шарты:** Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызу. Тәрбиеші өзі ұшақ болып ұшып көрсетеді. Тәрбиеші: «Ұшақтар ұшады!» – деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қонады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.<br>***(дене шынықтыру**)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райы бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Доп кімде?»<br>**Шарты:** Бір бала жүргізуші болады. Бір бевала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады ( қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ).<br>Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді.<br>Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін ( көзінің т.б.) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс.<br>***(дене шынықтыру**)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райы бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Ит пен қоян»<br>**Мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.<br>***(дене шынықтыру**)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райы бақылау**<br>(Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:**<br>«Күн мен жаңбыр»<br>**Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады.<br>***(дене шынықтыру**)*** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** | | | | |
| | **Ата-аналарға арналған кеңес:** Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналарға арналған кеңес:** «Спортпен шұғылданудың маңызы» кеңес спорт нұсқаушы. | **Ата-аналарға арналған кеңес:** Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | **Ата-аналарға арналған кеңес:** «Тез тамақтанудың зияны» | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС "Аль-Фараби" балабақшасы
**Топ**: «Жұлдыздар» ортаңғы тобы
**Балалардың жасы**: 3 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 11.03-15.03.2024 жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 11.03.2024** | **Сейсенбі 12.03.2024** | **Сәрсенбі 13.03.2024** | **Бейсенбі 14.03.2024** | **Жұма 15.03.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).** **Таңертеңгі әңгіме «Денсаулықты қалай сақтау керек?»** Дәрі-дәрмектер мен аурулар, аурулардың алдын-алу, дәрумендердің пайдасы туралы қарапайым ақпарат беру**.** | | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,** | **Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат»** **Мақсаты**: балалардың есте | **Үстел үсті ойыны: «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады** | **Үстел үсті ойыны: «Сөздер тізбегі»** **Мақсаты**: балалардың есте сақтауының дамуына жағдай жасау. | **Үстел үсті ойыны: «Есте сақта және тап»** **Мақсаты**: балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. | **Үстел үсті ойыны: «Шатаспай есте сақта»** **Мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
